

2006 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының шекара маңындағы аумақтары тұрғындарының Қазақстан - Ресей мемлекеттік шекарасын кесіп өту тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 2 шілдедегі № 115-V Заңы

2012 жылғы 7 маусымда Астанада жасалған 2006 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының шекара маңындағы аумақтары тұрғындарының Қазақстан – Ресей мемлекеттік шекарасын кесіп өту тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н.НАЗАРБАЕВ.

2006 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының шекара маңындағы аумақтары тұрғындарының Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын кесіп өту тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

ХАТТАМА

(2013 жылғы 30 шілдеде күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2014 ж., № 1, 7-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі 2006 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының шекара маңындағы аумақтары тұрғындарының Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын кесіп өту тәртібі туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) 10-бабын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімнің № 2-қосымшасына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Шекараны кесіп өту орындарының тізбесі мынадай шекараны кесіп өту орындарымен толықтырылсын:

Қазақстан Республикасы	Ресей Федерациясы		
Қостанай облысы	Қорған облысы		
Меңдіқара ауданы Көктерек	- Целинный Целинный ауданы		
Солтүстік Қазақстан облысы			
Жамбыл ауданы Айымжан	- Неверовское Макушин ауданы		
	Омбы облысы		
Уәлиханов ауданы Үлкен Қараой	- Никополь Полтава ауданы		
Павлодар облысы			
Ертіс ауданы Ертіс	- Қараман Нововаршав ауданы		
Ақтөбе облысы	Орынбор облысы		
Қобда ауданы	Жиренқопа	- Первомайское	Соль-Илецк а у д а н ы
Әйтеке би ауданы Әйтеке би	- Союзное Яснен ауданы		
Батыс Қазақстан облысы	Саратов облысы		
Қазталов ауданы	Қазталов ауданы	- Фомин	Александров-Гай

2) Шекараны кесіп өту орындарының тізбесінен мынадай шекараны кесіп өту орындары алып тасталсын:

Қазақстан Республикасы	Ресей Федерациясы		
Шығыс Қазақстан облысы	Алтай өлкесі		
Бородулиха ауданы	Коростели	- Наумовка	Углов ауданы
Бородулиха ауданы	Буркотово	- Золотуха	Локтев ауданы
Шемонаиха ауданы	Красная	- Михайловка	Третьяков ауданы
Шемонаиха			
Павлодар облысы			
Успен ауданы	Екатеринославка	- Михайловка	Бөрілі ауданы
Успен ауданы	Галицкое	- Новоандреевка	Бөрілі ауданы
Солтүстік Қазақстан облысы	Түмен облысы		
М. Жұмабаев	Суворовка	- Красивое	Сладков ауданы
атындағы аудан			

2-бап

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіру мен қолдану кезінде туындайтын Тараптар арасындағы келіспеушіліктер өзара консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

Тараптардың бірінде бірлесіп шешуді талап ететін мәселелер туындаған кезде осы Тарап келіссөздер басталғанға дейін кемінде 30 күн бұрын бұл туралы басқа Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабарлайды.

3-бап

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама Келісімнің қолданысы тоқтатылғаннан бастап бір мезгілде өз қолданысын тоқтатады.

2012 жылғы 7 маусымда Астана қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

2012 жылғы 7 маусымда Астана қаласында жасалған 2006 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының шекара маңындағы аумақтары тұрғындарының Қазақстан – Ресей мемлекеттік шекарасын кесіп өту тәртібі туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың куәландырылған көшірмесі екендігін растаймын.

*Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Халықаралық құқық
департаментінің*

Басқарма бастығы

Д. Есентаев